ЖШС «Нұр-Тілек»бөбекжай-балабақшасы

# Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру бойынша іс-шара

## Тақырыбы: «Біз өнерлі отбасы»

## (аналар-әкелер мектебі)

Өткізген:ересек тобы тәрбиешісі

2023-2024 оқу жылы

Тенихцеия Бейис

**Тақырыбы**: «Біз өнерлі отбасы»

**Мақсаты:** Отбасылық тәрбие туралы білімдерін кеңейтіп , тәрбиенің үздік үлгілерін насихаттау. Ата-анамен балабақша арасындағы тұрақты қарым-қатынасты қалыптастыру. Балалардың дыбысты есту, есте сақтау қабілеттерін арттыру, музыкалық көңіл- күй сезімін ояту.

Музыка адамның рухани байлығы. Әртүрлі әуен тыңдау арқылы адамның көңіл- күйін де өзгертуге болады. Кез-келген жағдайды музыкамен жеткізуге болады. Ал, музыкалық әуен барлық жерде де кездеседі. Мысалы: судың аққан сыбдыры, желдің соққан гуілінен, жаңбырдың жауған сыртылынан, тіпті кез-келген затты таяқшамен соғу арқылы дыбыстан ырғақ, әуен шығаруға болады екен.
Өмір ырғақ, нәзік әуен , асқақ үн,
Айдын дала аспан күн!
Ғұмыры жоқ ырғақтардан басқаның!
Ей адамзат бас әуенге,қос әнге,
Шырқат биік тіршіліктің дастанын!
Өмір ырғақ,әуеніне ермесең,
Тіршілік-тұл, жас-жаның!
Ғұмыры жоқ ырғақтардан басқаны!
Біз өнерлі отбасы аналар және әкелер мектебі аясында осы шараға Серікбаев Нұрсұлтан және Сулейменова Элмира қатысып ,өз өнерлерін ортаға салды.

Серікбаев Нұрсұлтан домбыра аспабында ойнап, Бақытжан Мұстапаевтың «Балапаным» әнін орындап берді.

Ай мен күндей сәуле шашқан,
Жаным – ау сенің нұрың.
Басталады үйімде той,
Күлгенде сен құлыным.
Балапаным, алтыным деп,
Бір сені еркелеткен.
Арманы сен ата әженің,
Сағынып көптен күткен.

Ал, Сулейменова Элмира балаларды жетіген аспабымен және үрмелі аспап сазсырнаймен таныстырды. Жетіген аспабымен балаларға арналған «Қошақаным», «Келші,келші балашым» әнін орындап берді

Балалар өнерлі отбасының өнерін тамашалап керемер көңіл күй мен тамаша әсер алды.








Ғажай
музык
әлемі











